

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 2 шілдедегі № 337 бұйрығы "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Шоттардың бірыңғай жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 15 қарашадағы № 1195 бұйрығы;

2) "Шоттардың бірыңғай жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 15 қарашадағы № 1195 бұйрығына өзгерістертер мен толықтырулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 8 қаңтардағы № 6 бұйрығы.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмелерін қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев